

## 1998 жылды Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 3790

Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының көптеген өтініш-тілектерін ескере отырып, жалпы ұлттық татулық пен ұлттық тарихты зерделеуді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. 1998 жыл Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылын өткізу жөнінде Мемлекеттік комиссия құратын болсын, 10 қаңтарға дейінгі мерзімде оның құрамы жөнінде ұсыныс енгізісін.

Саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық-мәдени орталықтардың, діни бірлестіктердің, шығармашылық ұйымдардың басшыларына мемлекеттік комиссияның құрамына ену ұсынылсын.

Облыстардың, Ақмола, Алматы қалаларының әкімдері мен министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшыларына осы тәрізді комиссиялар құру тапсырылсын;

2) 1998 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен және уақтылы жария етілуін көздей отырып, тиісті іс-шаралар жоспарын Мемлекет басшысының бекітуіне табыс ететін болсын;

3) Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына байланысты іс-шараларды қаржыландыру министрліктер мен ведомстволар 1998 жылға арналған республикалық бюджетте көздеген қаражат есебінен және шегінде жүргізілсін;

4) жаңа мемориалдар салу және тарихи маңызы бар мемориалдарды тиісті қалпына келтіру жөнінде шаралар қолдансын;

5) Республикалық ономастикалық комиссияға жекелеген елді мекендер атауларын тарихи ақиқатқа сәйкес келтіруді тапсырсын;

6) Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылын өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияға жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырсын;

7) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де тиісті шараларды қолдансын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК